

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
онлайн Спартакиаданы
ұйымдастыру комитетімен
бекітілді**

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және
оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері арасында
онлайн Спартакиаданы өткізу регламенті**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламент «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлері арасында онлайн Спартакиаданы (бұдан әрі – Спартакиада) өткізу шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2. Онлайн Спартакиада спорттық іс-шара болып табылады, Қоғам қызметкерлері мен ұжымдары арасындағы корпоративтік мәдениетті дамыту және өзара байланысты нығайту мақсатында өткізіледі.

1.3. Онлайн Спартакиаданың негізгі міндеттері:

- спорттық іс-шаралар мен Қоғам құндылықтарын насихаттау;
- Қоғам қызметкерлері арасында спортты дәріптеу;
- корпоративтік рухты нығайту;
- карантин жағдайында қызметкерлерді қолдау.

2. Онлайн Спартакиаданың ұйымдастырушылары

2.1. Онлайн Спартакиаданың ұйымдастырушылары - Спартакиаданы ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылықты жүзеге асыратын және іс-шараны өткізуге бастамашы болған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және «Атом өнеркәсібі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚҰ болып табылады.

2.2. Онлайн Спартакиаданы дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты Спартакиаданы ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

2.3. Ұйымдастыру комитетінің құрамы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бұйрығымен бекітіледі.

3. Қатысушыларға қойылатын талаптар және оларды Спартакиадаға жіберу шарттары

3.1. Онлайн Спартакиадаға Қоғамның және ЕТҰ-ның штаттағы қызметкерлері (бұдан әрі – Қатысушылар) қатыса алады.

3.2. Командалық ойындарға бір кәсіпорынның қызметкерлерінен құрылған командалар қатыса алады. Бір кәсіпорыннан командалық спорт түрлерінен тек 1 (бір) команда ғана мәлімделуі мүмкін.

3.3. Жеке жаттығуларда бір қатысушы бірнеше жарыс түріне қатыса алады.

3.4. Онлайн Спартакиадаға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне жарыс өткізуден бір ай бұрын кәсіпорыннан алдын ала өтінім жіберу қажет (№1 қосымша)

3.5. Жарыс басталар алдында онлайн Спартакиаданың ресми сайтында Спартакиада басталғанға дейін 10 күн бұрын жіберілген негізгі өтінімдерге сәйкес қатысушыларды тіркеу жүзеге асырылады.

3.6. Онлайн тіркелу кезеңінде спортшылар ұсынған барлық құжаттар онлайн Спартакиаданың Мандаттық комиссиясымен осы Регламенттің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексерілуге жатады.

4. Онлайн Спартакиада бағдарламасының спорт түрлері.

Жарыстар спорттың келесі түрлері бойынша өткізіледі:

4.1. Киберспорт:

- PUBG Mobile (командалық біріншілік)

- Clash Royale (жеке біріншілік)

4.2. Онлайн шахмат (жеке-командалық біріншілік)

4.3. Жеке жаттығулар (жеке біріншілік)

5. Онлайн Спартакиаданы өткізу мерзімі мен орны

5.1. Онлайн Спартакиаданың жарыстары тамыздың үшінші онкүндігінде өткізіледі.

5.2. Карантин жағдайында әрбір қатысушы жарыстарға қатысу үшін өз бетінше орын таңдайды.

6. Мандаттық комиссия

6.1. Мандаттық комиссияны онлайн Спартакиаданың Ұйымдастыру комитеті бекітеді және Спартакиада аяқталғанға дейін оған жүктелген міндеттерді орындайды, оның ішінде жарыс кезінде қатысушылардың спорттық емес мінез-құлық фактілерін, сондай-ақ осы ұйымда жұмыс істемейтін адамдарды жарыстарға қатысуға тарту жағдайларын қарау және жолын кесу бойынша жұмыстарды орындайды. Бұл фактілер Мандаттық комиссия мүшелерінің және/немесе белгілі бір спорт түрі бойынша бас төрешінің жазбаша өтінішінде көрсетілуі тиіс және Спартакиаданың Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

6.2. Осы Регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін қатысушы жеке немесе командалық спорт түрлерінде анықталған және қатысушы-қарсыластың немесе қарсылас команданың дер кезінде берген наразылығы анықталған жағдайда, осы спорт түрінде бұзушылыққа жол берген команда/қатысушы дисквалификацияланады. Бұған дейін ойналған кездесулердің нәтижесі жойылады.

6.3. Әрбір ойналған кездесуден кейін 1 (бір) сағаттан кеш емес мерзімде берілген наразылықтар қаралуға жатады. Уақтылы берілмеген наразылықтар қаралмайды.

6.4. Жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысатын команда капитаны немесе спортшы жарыс ережелерін бұзған немесе орындарды анықтауда елеулі өзгерістерге әкеп соқтырған төрешінің қателері болған жағдайда жарыстың нәтижесіне наразылық білдіре алады. Бұл ретте, жеке спорт түрлері бойынша жарыстарға қатысатын команда капитаны немесе спортшы спорт түрі бойынша аға төрешіге жазбаша нысанда наразылық беруге тиіс, жарыс аяқталғаннан кейін 1 (бір) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде – спорт түрі бойынша аға төреші жарыстың аяқталу уақытын және наразылық беру уақытын белгілейді. Уақтылы берілмеген наразылықтар қаралмайды.

7. Спорт түрлері және өткізу шарттары

7.1. Киберспорт:

7.1.1. PUBG Mobile - мобильді командалық экшн-ойын (патшалар шайқасы). Команда құрамы 4 адам. Форматы: түр - 3-ші жақтан (TRP). Режимі: жасақтар. Карта: Эрангел. Командалар бірінші орын үшін күреседі.

7.1.2. Clash Royale - мобильді жеке ойын. Ойыншылар топқа бірігіп, бірін бірі бірлесе сайысқа шақырады. 2 жеңіске дейін үш ойын ойналады. Ойыншылар бірінші орын үшін күреседі.

7.2. Турнирлерді ұйымдастырумен және өткізумен осы спорт түрінен төрешілер алқасы айналысады, ол ойын ережелеріне сәйкес шешім қабылдайды.

7.2. Онлайн шахмат:

7.2.1. Жарыс жеке-командалық. Команда құрамы - 3 адам (2 ер адам және 1 әйел адам). Турнир ФИДЕ ойын ережелері бойынша өткізіледі. Әр ойыншыға бір партияға 10 минут және қосымша жүріске 2 секунд беріледі.

Орындар ең көп ұпай саны бойынша анықталады.

7.2.2. Турнирлерді ұйымдастырумен және өткізумен осы спорт түрінен төрешілер алқасы айналысады, ол ойын ережелеріне сәйкес шешім қабылдайды.

7.3. Жеке жаттығулар.

- қолды бүгіп жазу: ерлер/әйелдер
- тартылу: тек ерлер
- бёрпи: тек әйелдер
- кеудеден гір көтеру: тек ерлер
- ең креативті жаттығу: ерлер/әйелдер

Қатысу үшін:

- 1) тапсырманы дұрыс орындау,
- 2) процесті бейнеге түсіріп, көрсетілген сілтеме бойынша жүктеу қажет.

Бейне тапсырманы орындағанға дейін қатысушы:

- 1) өзін-өзі таныстыруы - аты, тегі, лауазымы, кәсіпорын және орындалатын тапсырманың атауы,
- 2) қажет болған жағдайда - пайдаланылатын құрал-сайманды көрсетуі,
- 3) қажет болған жағдайда - көрінетін жерге секундомер орнатуы қажет.

Тапсырманы орындағанға дейін демонстрациялық бейнероликпен танысу қажет.

Қолды бүгіп жазу : ерлер 50 рет қатаң кеудені жерден көтеру, әйелдер 30 рет тізеден кеудені жерден көтеру. Тапсырма – жаттығуды уақыт мөлшерінде техникалық жағынан дұрыс әрі мүмкіндігінше тезірек жасау. Жатып қолды бүккенде, кеудені жерге тигізу керек. Қолды бүгіп жазып алғаннан кейін алақанды жерден алу қажет. Жаттығу жасағанда кеудені көтергенде шынтакты тіке, денені аяқпен бір сызықта ұстау керек. Кадрда секундомердің болуы шарт.

Тартылу: Тапсырма – 1 минут ішінде техникалық жағынан дұрыс мейлінше ең көп тартылу. Тіке қолда салбырап тұрған жағдайдан тартылып, иекті кермеден жоғары көтеру керек. Бөліп тартылуға (яғни, секіріп түсуге) рұқсат етіледі. Кадрда секундомер болуы шарт.

Бёрпи: Тапсырма – жаттығуды техника жағынан дұрыс, 2 минут ішінде мүмкіндігінше ең көп мөлшерде жасау. Дұрыс жасалған циклдер саны есепке алынады. Түрегеліп тұрған қалпынан жатып, кеуде мен жамбасты жерге тигізіп, алақанды еденнен көтеріп секіргенде орнынан тұрады, екі қолды бастан жоғары көтере шарт еткізеді немесе басына қолын тигізеді. Кадрда секундомердің болуы шарт.

Кеудеден 16 кг гірді көтеру: Тапсырма - техника жағынан дұрыс, 2 минут ішінде ең көп мөлшерде гірді жұлқи көтеру. Гірді иыққа тигізіп, жұлқи кезінде тізені, жамбас буыны мен шынтакты тік жағдайға келтіру. Қолды шексіз рет ауыстыруға рұқсат етіледі. Жаттығу кезінде гірді жерге түсіруге тыйым салынады. Кадрда секундомердің болуы шарт. Жаттығуды бастар алдында видеоға гірді көрсету қажет.

Ең креативті жаттығу: Кез-келген креативті жаттығуды жасап, төрешілерді таңғалдыру. Жаттығу гимнастика, акробатика, гір әлде кез-келген спорт түрімен байланысты болуы мүмкін.

Өзін-өзі оқшаулау режимі аясында әрбір қатысушы шектеу шараларын сақтай отырып, жаттығуларды орындау үшін орынды өз бетінше таңдайды.

8. Спорт түрлері бойынша жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібі

8.1. Спорт түрлерінен жеңімпаздарды спорт түрлерінен бас төрешілер айқындайды.

8.2. Командалық спорт түрлеріндегі командалардың орындарын анықтау жиналған ұпайлар санына сәйкес жүргізіледі.

8.3. Командалық және жеке спорт түрлерінен/сынақтардан 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші) орын алған жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

9. Өтінім құжаттамасын ресімдеу

9.1. Онлайн Спартакиада жарыстарына қатысуға алдын ала өтінімдер Ұйымдастыру комитетіне Спартакиада басталғанға дейін бір ай бұрын беріледі (№1 қосымша)

9.2 Негізгі өтінімді кәсіпорыннан жауапты адамдар Ұйымдастыру комитетіне Спартакиада жарысының басталуына он күн қалғанда береді (№2 қосымша). Негізгі өтінім ЭҚЖ бойынша кәсіпорынның бірінші басшысының қолы қойылып жіберілуі тиіс.

9.3. Жарыс басталар алдында барлық қатысушылар жеке деректерді өңдеуге келісімін растай отырып, Спартакиада сайтында тіркеуден өтуі тиіс.

10. Тәртіптік санкциялар

10.1. Осы Регламенттің 3.1, 3.2-тармақтары бұзылған жағдайда, бұзушыларға мынадай тәртіптік санкциялар қолданылады:

- негізгі өтінімде мәлімделмеген спортшының жарыстарға қатысқаны үшін спортшы жарыстан шығарылады.

- команда құрамында (тұғырда) жарыстарға қатысуға құқығы жоқ қатысушылар анықталса команда жарыстан алынады, жиналған ұпайлары жойылады.

10.2. Ұйымдардың басшылары, командаларды қалыптастыруға жауапты тұлғалар Қоғам/ЕТҰ қызметкерлері қатарынан командаларды қалыптастыруға осы Регламенттің талаптарын бұзғаны үшін дербес жауапты болады (3.1, 3.2-тт. бойынша).

11. Онлайн Спартакиадаға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

11.1. Онлайн Спартакиадаға қатысушылар онлайн Спартакиаданы өткізу кезеңінде жарыстар барысында жеке басының қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін өздері жауапкершілік алады. Бұл ретте онлайн Спартакиаданы ұйымдастырушы қатысушылардың өмірі мен денсаулық жағдайы үшін жауап бермейді.

12. Қаржыландыру шарттары

12.1. Онлайн Спартакиаданы қаржыландыру Спартакиаданы ұйымдастырушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Қосымшалар

13.1 1-қосымша: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ онлайн Спартакиадасына қатысуға алдын ала өтінім;

13.2 2-қосымша: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ онлайн Спартакиадасына қатысуға негізгі өтінім.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСП» ҰАК» АҚ ОНЛАЙН СПАРТАКИАДАСЫНА ҚАТЫСУҒА
АЛДЫН АЛА ӨТІНІМ**

кімнен _____
(кәсіпорын)

Командалық спорт түрлері

P/т	ТАӨ	Лауазымы	Спорт түрі	Жеке куәлік № берілген күні, берген орган	ЖСН №	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың № және күні	Ұялы телефон нөмірі
1. 2. 3.			PUBG Mobile киберспорты Шахмат				

Жеке спорт түрлері

P/т	ТАӨ	Лауазымы	Спорт түрі	Жеке куәлік № берілген күні, берген орган	ЖСН №	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың № және күні	Ұялы телефон нөмірі
1. 2. 3.			Clash Royale киберспорты - қолды бүгіп жазу - тартылу - бөрпи - кеудеден гір көтеру - ең креативті жаттығу				

Қатысуға жіберілді _____ адам

Персонал бойынша қызмет
басшысы _____

М.О.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ
ОНЛАЙН СПАРТАКИАДАСЫНА ҚАТЫСУҒА
НЕГІЗГІ ӨТІНІМ**

кімнен _____
(кәсіпорын)

Командалық спорт түрлері

Р/т	ТАӘ	Лауазымы	Спорт түрі	Жеке куәлік № берілген күні, берген орган	ЖСН №	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың № және күні	Ұялы телефон нөмірі
1. 2. 3.			PUBG Mobile киберспорты Шахмат				

Жеке спорт түрлері

Р/т	ТАӘ	Лауазымы	Спорт түрі	Жеке куәлік № берілген күні, берген орган	ЖСН №	Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың № және күні	Ұялы телефон нөмірі
1. 2. 3.			Clash Royale киберспорты - қолды бүгіп жазу - тартылу - бәрпи - кеудеден гір көтеру - ең креативті жаттығу				

Қатысуға жіберілді _____ адам

Кәсіпорын басшысы _____

М.О.

Персонал бойынша қызмет
басшысы _____